# YouTube Live
# қолдану бойынша нұсқаулық

YouTube Live тікелей трансляциясы - көрермендермен нақты уақыт режимінде сөйлесудің ыңғайлы жолы. Мысалы, онлайн-семинарлар өткізуге немесе сұрақтарға онлайн жауап беруге болады. Эфир кезінде ақаулықтар болмас үшін, жабдықтың жұмысын, сондай-ақ дыбыс пен бейнені тексеріңіз:

- ✓ Бейнені түсіру жолдарының жоспарын алдын-ала ойлаңыз. Объективті ешнәрсе жауып тұрмауы тиіс.
- ✓ Дыбыс сапасын оңтайландырыңыз. Хабар тарату үшін тыныш орынды таңдап, жел, көше және басқа да бөгде шу кедергі жасамауын қадағалаңыз. Көрермендер сізді әрдайым жақсы естіп тұруы тиіс, микрофонды немесе басқа дыбыстық жабдықты пайдаланыңыз.
- ✓ Сигнал деңгейін және интернет байланыс жылдамдығын тексеріңіз. Бейне және дыбыс сапасы эфир бойы жоғары болуы үшін, ең күшті сигналмен Wi-Fi желісіне қосылыңыз. Компьютерде Google Chrome браузерін пайдалануға кеңес береміз.

Бейнені жүктеу және трансляция жасау мүмкіндігін ашу үшін Google тіркелгісін жасау немесе бұрыннан бар аккаунтты пайдалану қажет **@gmail.com**

Эфирге шығар алдында, аздаған дайындықты орындаңыз:

- компьютерде gmail.com бетін ашыңыз




- Кіру түймесін басыңыз

- өзіңіздің электрондық поштаңызды немесе телефон нөмірін және парольді енгізіңіз.







- Содан кейін Google аккаунтыңыз ашылады
- Google қосымшасы арқылы YouTube-қа кіріңіз




- YouTube ашылады
- YouTube-тың оң жағында  белгісін басыңыз
- *Трансляцияны бастау* командасын таңдаңыз




- *Трансляцияны бастау* командасын басқаннан кейін, Сіз телефон нөмеріңіз арқылы аккаунтыңызды растауыңыз керек, содан кейін *SMS арқылы алу* деген команданы басуыңыз керек

- Телефоныңызға растау туралы код келеді




- Содан кейін 6 саннан тұратын кодты енгізіңіз

- *Жіберу* командасын басыңыз




- 6 саннан тұратын кодты жібергеннен кейін, нөмір расталған туралы терезе ашылады

- Әрі қарай *Жалғастыру* командасын басыңыз




- Тікелей трансляция функциясы қолжетімділік мақұлдағаннан кейін 24 сағат ішінде пайда болады . Біраз күту керек




- Функция 24 сағат ішінде қолжетімді болады. Осыдан кейін Сіз бірден эфирге шыға аласыз. Мақұлданған жағдайда, бірінші трансляция жасай аласыз.




- Сіз *Трансляцияны бастау* командасын басқаннан кейін, браузер сізден микрофонды пайдалануға, камераны пайдалануға рұқсат сұрайды. Ашылған терезеде *Рұқсат беру* батырмасын басу қажет.




- Одан әрі трансляция туралы мәліметтерді толтырыңыз
- Аты енгізілгеннен кейін, сізде кіру түрлері бойынша таңдауға үш нұсқа болады:

✓ *Ашық қолжетімділік* - ешқандай шектеулер жоқ және бейне барлық, соның ішінде сіздің арнаңызға кездейсоқ немесе іздеу арқылы тапқандарға қолжетімді болады.

✓ *Сілтеме бойынша қолжетімділік* - бұл жерде шектеулер бар, трансляцияға сілтеме бар барлық адамдар көре алады.

✓ *Шектеулі қолжетімділік* – бұл трансляция сізден басқа ешкімге қолжетімді емес. Оны көруге рұқсатты Google аккаунтынан арнайы рұқсат етілген тізімге қосу арқылы әрбір қатысушыға жеке бере аласыз.

- *Сілтеме бойынша қолжетімділік* және *Балаларға арналмаған ролик* командасын таңдап, *Әрі қарай* батырмасын басыңыз






- Содан кейін, Тікелей эфир бастай берсеңіз болады




- Эфир кезінде эфирдің дауысын  мына сурет арқылы тексере аласыз
- Мына суретті басу арқылы  арнайы адамдарды электрондық поштасына сілтеме жіберу арқылы шақыра аласыз немесе эфирдің сілтемесін көшіріп алып WhatsApp арқылы сілтемелерді жібере аласыз (компьютерден WhatsApp Web қолданыңыз)




Телефондағы WhatsApp-ты компьютерге шығару үшін:

- Телефондағы WhatsApp-ты ашыңыз > Қалыпқа келтірулер немесе Мәзір




- Браузерде WhatsApp Web ашыңыз




- Сізге ұсынылған кезде QR-кодты сканерлеу үшін WhatsApp қолданбасының ішінде QR-сканерін пайдаланыңыз




- Содан кейін компьютеріңізде WhatsApp ашылады




- Енді сіз Тікелей эфир сілтемесін өзіңізге керекті тыңдаушыларға жібере аласыз
- Трансляцияға қанша тыңдаушы қосылғанын көруге болады. Тыңдаушылармен қарым-қатынас жасау үшін чат пайдалануға болады.




- Трансляция аяқталған кезде *Трансляцияны аяқтау* командасын басыңыз




- *"Трансляцияны аяқтау"* командасын басқаннан кейін, трансляция тоқтайды және сіздің YouTube каналыңызға автоматты түрде қосылады және "Бейнелер (Видео)" бөлімінде "Шығармашылық студияда" қолжетімді болады.




- Одан әрі Каналды басқару панелінде *Бейнені* басыңыз
- Содан кейін сіздің барлық трансляцияларыңыз және бейнелеріңіз шығады




- Қажет болған жағдайда, бейнелерге қолжетімділікті өзгертуге болады. Егер Тікелей эфирге кейбір студентеріңіз қатыса алмаған жағдайда, сіз сол студенттерге Тікелей эфир сілтемесін жібере аласыз




**Егер трансляция кезінде презентацияны көрсету немесе жұмыс компьютеріндегі қосымшалармен жұмыс істеу қажет болса, StreamLabs бағдарламасын пайдалануға болады.** Одан әрі оны пайдалану бойынша нұсқаулық көрсетілді.

**StreamLabs OBS (Youtube) пайдалану нұсқаулығы**

StreamLabs OBS(Youtube) бағдарламасы онлайн режимде сабақ өткізуге мүмкіндік береді. Бағдарламаның негізгі артықшылықтары:

- Бағдарлама орнату файлынан орнатылады
- Google тіркелгісін жасау немесе бұрыннан бар аккаунтты пайдалану қажет @gmail.com
- Жұмыс үстелін көрсету
- Студенттермен хабар алмасу Чат
- Смартфоннан, компьютерден кіруге болады
- Бағдарлама тегін беріледі

OBS орнату:

- StreamLabs OBS бағдарламасын ресми сайтынан жүктеп алыңыз https://streamlabs.com/
- Download StreamLabs OBS басыңыз
- Содан кейін жүктелген файлды іске қосыңыз




- Жүктеу және іске қосқаннан кейін Келісім терезесі пайда болады. Егер сіз қабылдасаңыз, онда сіз келісімді қабылдадыңыз және орнатуды

жалғастырыңыз. Орнату уақыты 10 секундтан аз (жылдам компьютерде).




Сонымен, орнату аяқталды терезе ашылады:



**OBS-ты бірінші рет іске қосу:**




Бұдан әрі стримингтік платформалардың біріне кіру қажет, біздің мысалда Youtube болады. Содан кейін, Streamlabs сіздің Gmail тіркелгіңізге қол жеткізуді сұрайды.




Gmail-ға кіру арқылы сіз автоматты түрде Streamlabs-қа кірген болып саналасыз

*Рұқсат ету* басу арқылы, келесі баптау сатысына өтіңіз




Содан кейін, Stream Labs бағдарламасын ашыңыз, параметрлері бар терезе ашылады. OBS- дан импорттау таңдаңыз

Әрі қарай *Complete* басыңыз




Міне, біз Stream Labs OBS интерфейсіне қол жеткіздік, мұнда біз көптеген қызықты түймелер мен терезелерді байқаймыз.

Жасыл таңдалған аймақ-бұл сіздің экран, сіз оны жасыра аласыз , төмен жүгіргіні пайдалана отырып, тарту ауқымын азайту/ұлғайту.




Біздің жағдайда экранды басып алу (захват) (Display Capture) және бейне басып алу (Video Capture Device) құрылғысы қажет. Олар оң жақ бұрышта (+) түймесі арқылы қосылады, (–) түймесі арқылы жойылады




Қажетті функцияны таңдап, *Деректер көзіне қосу* пәрменін басыңыз.




Одан әрі экранды және бейнені ыңғайлы жерге апарыңыз




Студенттерге тікелей эфирге шығу үшін *Трансляцияны бастау* командасын басыңыз. Ашылған терезеде сабақтың атын жазып, *Тікелей эфирді растау және бастау* командасы арқылы трансляцияны бастаңыз. Егер сіз эфирді компьютерге жазғыңыз келсе, REC пәрменін басыңыз.




Эфир сілтемесімен бөлісу үшін жоғарыдағы суретте көрсетілген батырманы басыңыз.




Сіз браузер бетіне өтіп, мекен-жай жолындағы (адресная строка) сілтемені көшіріңіз және студенттерге жіберіңіз. Осы сілтеме арқылы кірген студенттер сіздің тікелей эфиріңізге және хабар алмасуға қол жеткізе алады .




Студенттер Youtube-тың оң жағында сұрақтарын қоя алады.




Оқытушы студенттерге жауап беру үшін Stream Labs бағдарламасында *Хабар қосу үшін кіріңіз* командасын басады, одан әрі *Open in browser*




Хабар алмасу үшін Браузер бетіне өтіңіз




Трансляцияны аяқтау үшін *Трансляцияны аяқтау* батырмасын басыңыз. Және бұл жазба Youtube арнасында сақталады.

*Байланыс телефондары: 377-33-33 вн. 31-23, 11-33*